



## **2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 6 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2000 жылғы 31 наурыз N 153. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1109. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с

### ***Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :***

- 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.***
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.***

***Министр***

***Қ а з а қ с т а н                                    Р е с п у б л и к а с ы***  
***Э к о н о м и к а                                    ж әне                                    б ю д ж е т т і к***  
***ж о с п а р л а у                                    М и н и с т р л і г і н і ң***  
***2 0 0 5    ж ы л ғ ы    2    м а у с ы м д а ғ ы***

***N 75 бұйрығына қосымша***  
***Б і р ы ң ғ а й                                    б ю д ж е т т і к                                    с ы н ы п т а м а с ы н***  
***б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і***

***6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 153 (тіркелген N 1109) "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 6 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...***

-----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 ақпандағы N 310 "Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінен қаржы бөлу туралы", 2000 жылғы 28 наурыздағы N 451 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 1872 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу" туралы қаулыларына с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

- 1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30***

желтоқсандағы N 715 V991058\_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"1.1.694.38 Ресми делегацияларға қызмет көрсету" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"1.1.694.40 Мемлекеттік наградаларды және олардың құжаттарын әзірлеу";

"2.1.208.76.39 Әскери бөлімдер үшін тұрғын-үй коммуналдық қызметтер" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.208.76.39 Аудандық пайдалану бөлімдері";

"3.5.410.37.80 Сыртқы қарыздар есебінен жобаны жүзеге асыру" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"3.5.410.37.81 Республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен жобаны жүзеге асыру";

"4.9.263.51 Дамуында проблемасы бар балаларды оналту және әлеуметтік бейімдеу" деген жолда "51" саны 52" санына өзгертілсін;

"10.2.105.35 Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу" деген жолдан кейін кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"10.2.116 Жамбыл облысының әкімі

10.2.116.30 Шу ауданындағы Тасөткел су көтеру плотинасын бекіту";

"11.9 Өнеркәсіп, энергетика, құрылыс және жер қойнауын пайдалану салаларындағы басқа да қызметтер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"11.9.216 Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі

11.9.216.30 Жұмылдыру әзірлігі".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр